

"Жоғары инженерлі-технологиялық колледж" МЕББМ



Әлемдегі сұранысқа ие жұмысты үйреніңіз

Орал 2022



Мамандық атауы: 07161600 - Ауыл шаруашылығын механикаландыру

Біліктілігі: Техник-механик

Оқу мерзімі: 11 сынып негізінде 2 ж. 10 ай
9 сынып негізінде 3 ж. 10 ай

Бейіндік пән атауы:

Алгебра, Физика (9 сынып) Алгебра және анализ бастамалары, Физика (11 сынып)

Ұқсас мамандықтар:

Жөндеуші-слесарь, мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалар операторы, механикаландыру технигі

Кәсіби қызмет саласы:

- ауыл шаруашылығы саласында қолданылатын машиналар, механизмдер, қондырғылар және басқа да технологиялық жабдықтар;
- «В» және «С» санатты автомобильдер;
- техникалық қызмет пен жөндеуге арналған стационарлық және жылжымалы құралдар;
- ауыл шаруашылығы саласында қолданылатын машиналар мен механизмдерді дайындау, пайдалану және техникалық қызмет пен диагностикалау жұмыстарының технологиялық процестері,
- ауыл шаруашылығына арналған процестерді ұйымдастыру және басқару құрылымдық бөлімшесі;
- бастапқы еңбек ұжымдары.

Мамандықтың жіктелімі:

- Еңбек құралы бойынша кәсіптің түрі: техникалық құралдарды құру, монтаждаумен, құрастырумен және реттеумен байланысты мамандықтарды қамтиды
- Мақсаты бойынша кәсіптің түрі: "Адам - техника" түріндегі түрлендіру қызметтері
- Еңбек ауқымы бойынша кәсіптің түрі: автоматтандырылған және автоматты жүйелерін қолдануына байланысты мамандық, сондай-ақ қолмен, машинамен еңбектену

Мамандық сипаты:

07161600 - «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұйымдастыру және диагностикалау технологиясы, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және машина-трактор паркін сақтау, автомобиль көлігі меемелерінің және мал шаруашылығы фермаларының жабдықтарын ұйымдастыруды, білікті орта буын мамандарын дайындауды жүзеге асырады. Түлектер ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өндірістік - қаржылық қызметін экономикалық талдау және олардың инженерлік-техникалық қызмет, машиналар мен жабдықтарды пайдалану көрсеткіштерін, инженерлік шешімдер тиімділігін негіздеу әдістерін меңгереді.



Техник-механик келесі салаларда

жұмыс істей алады:

- техник-механик;
- инженер;
- автомобиль өнеркәсібінің басшысы;
- қазіргі заманғы технологиялық жабдықтарды реттеуші.

Қолданылу аясы:

- әр түрлі меншік нысанындағы ауыл шаруашылығы, автокөлік, жөндеу, қайта өңдеу кәсіпорындарында; -конструкторлық
- технологиялық және ғылыми ұйымдарында;
- техника өндіретін зауыттардың фирмалық, сервистік және дилерлік орталықтарында;
- материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүйесінде;
- автотракторлық, ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу техникасымен, қосалқы бөлшектермен, жинақтаушы бұйымдармен және пайдалануға қажетті материалдармен көтерме және бөлшек сауда орталықтарында.



Байланыс

Тел/факс.

(7112) 51 35 31

8702 830-26-16

Сайт

wketc.kz

www.wketc.edu.kz

Email

wketc@mail.ru

Мекенжай

Орал қаласы,

Н.Назарбаева 215а

